

**«Кеудесі сәуле кен сарай»**

**(КСК президенті Б.Аубакировке 60 жас)**

Қазақ соқырлар қоғамының жұмысы біздің кітапханамыздың іс-жоспарымен тығыз байланыста. Себебі біздің оқырмандарымыздың бәрі зағиптар қоғамының мүшесі. Өу баста арнайы кітапхананың жүйесін құрған Қазақ соқырлар қоғамы.

Қазіргі таңда зағиптар қоғамының ауыртпалығымен қиындықтарын қуаныштары мен мұн-мұқтажын отыз бес жылдан астам алып келе жатқан Байболат Абайұлы Аубакиров. Бұл кісінің мерейлі тойына бізде іс-шарамызды арнауға жөн қордік. Өдеттегідей оқу залға үлкенді-кішілі оқырмандар жиналды. Іс-шараны бастаған кітапханашы Өділбеков Ербол. Келген оқырмандарға сәлем беріп, бүгінгі күннің тақырыбын айта отырып Байболат Абайұлының өмірбаянын айта отырды. Б.Аубакиров 1955 жылы қантар айының 15 күндызында дүниеге келіпті. Қопбалалы аргын руының тумасы. Абай ақсақалдың тұңғыш ұлы еді. Ырымдап баласының атын Байболат деп қойған. Байболат өте кішіпейіл, мейірімді жігіт болып өсті. Орта мектепті бітірген соң жоғары оқу орнына түсіп, ауылшаруашылығы жұмыстарына жіберілген кезде кенеттен қоз жаракатын алып, жанарынан айырылады. Өмірдің қиындығына қарамастан, Байболат Жамбыл облысы Шу ауданы, Новотроицк елді мекенінде соқырлар кәсіпорнына жұмысшы болып кіреді. Сол кездегі соқырлар қоғамының басқармасы Байболаттың еңбекқорлығын ескеріп, бірнеше лауазымдық қызметтерге тағайындады. 1980 жылы Байболат Абайұлы қазақ соқырлар торағасы болып сайланады. Міне, күні бүгінге дейін ол кісі ерен еңбегінің арқасында экономика ғылымының докторы атағын алып, өз пайдасын қоғамымызға беріп келеді. Байболат Абайұлы үш баланың әкесі. Оның сүйікті жары Галия қашанда қиындықтармен қуаныштарды бөлісуде. Сонымен қатар, Байболат Абайұлы көптеген шәкірттер тәрбиелеп олар соқырлар қоғамының кәсіпорындарының жетекшілері, мұғалімдер және өншілер. Аубакиров әуесқой композитор. Оның көптеген әндері радио және теледидарда орындалып жүр. Мысалы «Ауылым менің», «Қазақ», «Астана», «Жанарым» және т.б.

Баяндамадан соң кітапханашы Л.Абжаппарова оқырмандарға Байболат ағамыздың

кітаптарына сараптама жасады. С.Катишевтың баян аспабында сүйемелдеуімен А.Тайтелиева және Г.Темирова оқырмандарға Б.Аубакировтың бірнеше әндерін шырқап берді. Скайп галамтор арқылы Б. Аубакиров оқырмандармен тілдесіп, олардың бірнеше сұрақтарына жауап берді. Кездесу өте тартымды, жылы өтті.

**(Катишев Сабит – ОКО арнайы кітапханасының тифлобөлімінің меңгерушісі)**

**22 қаңтар, 2015 ж.**

